# Неке және отбасы құқығы түсінігі, пәні, реттеу әдістері



1 дәріс

# МАЗМҰНЫ:

- Неке және отбасы құқығы түсінігі.
- Неке және отбасы құқығы пәні.
- Неке және отбасы құқығы реттеу әдістері.
- Неке және отбасы құқығы қағидалары.
- Неке және отбасы құқығы жүйесі

# Әдебиеттер:


- ҚР Конституциясы 30.08.1995г
- **Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы**Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
- Айтжан Б.Е. Семейное право: учебно-справочное пособие: вопросы  и ответы. - Алматы:ЮРИСТ, 2003. - 36 с.
- Антокольская М.В. Семейное право. М., 1996
- Муканова М.Ж. Развитие семейного права Республики Казахстан.-Караганда: 2010 г.
- Пчелинцева М.В.Семейное право. М., 2000



Қазақстан Республикасының

неке-отбасы заңнамасы -

отбасы мүшелері: ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы, неке-отбасы заңнамасында көзделген жағдайларда және шектерде басқа туыстар мен өзге де адамдар арасындағы құқықтар мен міндеттерді, мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды белгілейді.



# Неке-отбасы заңнамасы

**ҒЫЛЫМ**

**ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ**

**ЗАҢ САЛАСЫ**

***ТҰЛҒА, ОТБАСЫ, ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ АҚЫЛҒА ҚОНЫМДЫ ТЕПЕ ТЕҢДІТІ САҚТАУ МАҚСАТЫНДА МҮДДЕЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК***

РЕТТЕЙТІН НЕКЕ-ОТБАСЫ ҚАТЫНАСТАРЫ

# НЕКЕ-ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИНСТИТУТТАРЫ

Неке (Ерлі-зайыптылық)

Отбасы

# НЕКЕ-ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИНСТИТУТТАРЫ

Неке (Ерлі-зайыптылық) – ерлі зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ



# НЕКЕ-ОТБАСЫ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ИНСТИТУТТАРЫ

Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы;



# Неке және отбасы құқығы пәні.

мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар

ерлі зайыптылар арасындағы балаларды қамту жөніндегі некелік қатынастар

# Неке және отбасы құқығы реттеу әдістері :

- ИМПЕРАТИВТІ



- ДИСПОЗИТИВТІ





- ЖАҒДАЙЫНА ҚАРАЙ РЕТТЕУ ТӘСІЛІ



Императивті реттеу әдістері

**ӘРЕКЕТТІРІ НАҚТЫ ЗАҢМЕН БЕКІТІЛУІ**

***(мысалы азаматтардың хал актілерін тіркеу орындарында некелесу)*;**






# Диспозитивті реттеу әдістері

**Қатынасқа түсушілер өз құқықтарын өз еркімен жүзеге асыра алуы**

(***мысалы неке шартына отыру***)



# Жағдайына қарай реттеу тәсілі

**Отбасы қатынастарын тек құқық қолданушы органдармен шешу**

***(мысалы сот даудағы мүлікті шешуде кәмілетке толмаған балалар мүддесін ескеру жағдайы)***







## Неке және отбасы қатынастарына үшінші тараптардың араласу жағдайлары

РҰҚСАЕТ
У

ТЫЙЫМ
САЛУ

ҰЙҒАРЫМ
ШЫҒАРУ

# Неке-отбасы заңнамасы қағидалары

**Неке-отбасы заңнамасында бекітілген неке-отбасы заңнамасының негіздерін қалыптастыратын *фундаментальды ережелер, негізгі құқықтық ойлар.***

# Неке-отбасы заңнамасы қағидалары: (2 бап)



1) еркек пен әйелдің некелік (ерлі-зайыптылық) одағының еріктілігі;

2) отбасындағы ерлі-зайыптылар құқықтарының теңдігі;

3) отбасының ісіне кімнің болса да өз бетінше араласуына жол берілмеушілік;

4) отбасы ішіндегі мәселелерді өзара келісім арқылы шешу;

# Неке-отбасы заңнамасы қағидалары: (2 бап)



5) балалардың отбасында тәрбиелену басымдығы, олардың өсіп-жетілуі мен әл-ауқатты болуына қамқорлық;

6) отбасының кәмелетке толмаған, карт және еңбекке қабілетсіз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін басымдықпен қорғау;

7) отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын қамтамасыз ету, осы құқықтарды сот арқылы қорғау мүмкіндіктері;

8) отбасының барлық мүшелерінің салауатты өмір салтын қолдау қағидаттарына негізделеді.

# Неке-отбасы заңнамасы қағидалары:
# (2 бап)

- Некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) кезінде және отбасылық қатынастарда шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, нәсілі, ұлты, тілі немесе діни көзқарасы немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысандарына тыйым салынады.

# Неке және отбасы құқығы жүйесі

- **Жалпы бөлім** - отбасы мүшелерінің арасындағы мүлікиік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттейтін біртопты нормалар жиынтығы

- **Ерекше бөлім**– азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру

# Неке және отбасы құқығы қайнар көздеріне:

- Халықаралық шарттар
- ҚР Конституциясы
- **Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы** Кодексі
- Заңдар
- Құқыққа жататын актілер